

●МИНИСТРДІҢ ЕСЕБІ

ЕЛ ТЫНЫШТЫҒЫ – БӘРІНЕН ҚЫМБАТ

Сейсенбіде еліміздің Ішкі істер министрі Қалмұханбет Қасымов халық алдында есеп берді. Есепті кездесуге аймақтардағы тұрғындар бейнебайланыс арқылы куә болып, көкейдегі сауалдарын қойды. Министрдің атқарылған жұмыстар жөніндегі баяндамасын қызылордалықтар облыс әкімдігінің бейнебайланыс-конференц залында тыңдауға мүмкіндік алды.

– Ақтөбеде лаңкестікті ұйымдастырмақ болған топта алғашқыда 45 адам болғаны анықталды. Кейін олардың біразы бас тартқан. Біз оларды анықтадық, қазір олардан жауап алынуда. Ал, келіскен 29 адамның қару дүкеніне барар жолда тағы үшеуі әуелгі ойынан айнаынған. Дүкенге кіргенде тағы бір адам райынан тайлып, топтан бөлініп кеткен, – деді министр халық алдында берген есебінде.

Министрдің айтуынша, Ақтөбедегі лаңкестер қаруға қол жеткізіп, кейін аталған өңірде бірқатар теракт жасауды көздеген. Сол мақсатпен 25 адам қару дүкеніне, кейін әскери болмашеге шабуыл жасады. Салдарынан Ұлттық тапаның 3 әскери қызметшісі мен 5 бейбіт тұрғын қаза тапты. 7 әскери қызметші мен 12 полицей жаракат алды. Қазіргі уақытта терактіге қатысқандардың барлығы ұсталды және кейбіріннің көздері жойылып, тергеу жүргізілуде.

– Лаңкестіктің «қызыл» қаупі алынып тасталды және ол «сарыға» ауысты. Барлық мекемелер қалыпты жұмысына кірісті. Кеше құқық қорғау органдарының күшейтілген қызмет режимін алып тастады, жағдай тұрақталды, – деді ол.

Бейбіт күнде оқ атып, елді дүрліктіргендерге «өлім жазасы» қолданылуы мүмкін. Министр Қалмұханбет Нұрмұханбетұлы мораторий жарияланып тұрған

жазаның жай-жапсары талқыға түсетінін жеткізді. Сондай-ақ, ол қару асынып тұрғындарға оқ атқан 25-тің 7-і бұрын сотты болғандар екендігін айтты.

Есепті кездесуде адам өліміне әкеліп соғатын қылмыстардың жайы мен оның себебі тілге тиек етілді. Оның айтуынша, Қазақстанда былтыр және ағымдағы жылы 100-ден астам адам тұрмыстық жанжал кесірінен көз жұмған.

«Біздің учаскелік инспекторлар әл-ауқаты нашар отбасылармен жоспарлы жұмысты тиісті түрде атқара бермейді. Жанжалды алдын алуға бағытталған іс-шаралар мерзімінде жасалмайды. Бұл жағдай тұрмыстық жанжалдар барысында кісі өлімінің санын арттырып отыр», - деді министр.

Кездесуде барлық аймақтар бойынша сауалдар қойылды. Мәселен, Қызылорда қаласының тұрғыны жазылған арызы бойынша істі сотқа жеткізе алмай жүргендігін айтып шағымданды. Министр өз кезегінде қызылордалық азаматшаға жеке қабылдауына жазылуын, мәселесінің қаралатынын айтты.

Ал Ақтау қаласының тұрғыны кездесуде заңсыз сақталған қаруды сатып алуға қатысты сұрақ қойды. Оған жауап беру кезінде министр 2015 жылы тұрғындардан 47 000 қару сатып алынып, ол үшін 2 млрд 300 млн теңге жұмсалғанын айтты. Нәтижесінде қарумен жасалатын қылмыстар санында азаю байқалады, ал травматикалық қару қолданып орын алатын оқиғалар 80 пайызға төмендеген.

Қалмұханбет Қасымов кездесу соңында халыққа алғысын жеткізіп, алдағы уақытта тыныштық пен қауіпсіздік үшін аянбай тер төгетінін айтты.

Нағымжан САУЯЕВ.

●ҚҰҚЫҚ

КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕР СӨЗ БОЛДЫ

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының аға көмекшісі Қабдысағат Әбішев пен Бас прокураторының басқарма аға прокуроры Ержан Тұрмағамбетов жұмыс сапарымен Қызылорда қаласында болып, жергілікті қоғам белсенділерімен кездесті.

Кездесуге облыс прокуроры Халидолла Дәуешов қатысып, сөз сөйледі.

«Жер» кодексіне енгізілген түзетулер және халықты

толғандыратын еңбек, миграция, тұрғын үй заңнамасы, құқық қорғау қызметі, басқа да мәселелер бойынша пікірлер тыңдалып, бұл бағыттар бойынша прокуратурада атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде түсіндірі берілді.

Республиканың барлық аймағында өткізілетін мұндай кездесулер нәтижесінде әрбір қатысушының ұсыныстары мен пікірлері Бас прокуратураға жеке өзіне баяндалып, тиісті шаралар қолданылатын болады.

Бақытбай БЕРДІБАЕВ.

●БРИФИНГ

ҰЛТ ЖОСПАРЫ ШЕҢБЕРІНДЕГІ СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ РЕФОРМАЛАРЫ

Өңірлік коммуникациялар орталығында облыстық соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Қайрат Адыранов пен қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Ержан Қарабаев БАҚ өкілдерімен кездесті. Әңгіме «Ұлт жоспары шеңберіндегі сот жүйесінің реформалары» тақырыбында өрбіді.

– Мемлекет басшысы заңның үстемдігін қамтамасыз ету үшін салаға 19 жаңалық енгізсе, оның он бірі тікелей сотқа байланысты, – деді Қайрат Төлепбергеноұлы. – Ең бірінші сот жүйесі инстанциялары онтайландырылды. Атап айтқанда, быылдан бастап халықаралық стандарттарға сәйкес сот ісін жүргізудің үш сатылы жүйесі енгізілді. Бұл сот ішпелерінің тезірек күшіне енуіне ықпал етеді және процесті әдейі созу мүмкіндігін азайтады.

Бүгінгі күні облыс соттарының сот процестері түгелдей дерлік бейне және ұнтаспаға жазылу арқылы өтеді. Сондай-ақ алқа билер соты қолданылатын салалар кеңейтілмек. Өйткені, алқа билер соты міндетті түрде қатыстырылатын қылмыстық істердің категорияларын анықтау қажеттігі «100 нақты қадамда» нақты көрсетілген.

Судья лауазымына кандидаттарды іріктеу тетіктерін көбейту және біліктілік талаптарын қатайтуға басқаз назар аударылып, сот істерін жүргізуге қатысудың 5 жылдық өтілі міндеттелген. 17-қадамда судьялыққа үміткерлер соттарда стипендия төленетін бір жылдық тағылымдамадан өтуі көзделген. Енді үміткерлерге лауазымдары сақталса отырып, сынақтан өтуге



мүмкіндік беріледі. Сынақтан өтушіге бір жылдық өтілімі бар аудандық және оған теңестірілген соттар судьялары жалақысының 70 пайыз мөлшерінде еңбекақы төленеді. Кандидаттарға қолайлы жағдайлар жасалуымен қатар, іріктеу тәртібі де күшейтілген.

Судьялардың кәсіби қызметіне баға судья лауазымындағы бірінші жылғы жұмыс нәтижесі бойынша беріледі. Бұдан әрі баға әрбір бес жыл сайын, сонымен бірге судья жоғары тұрған сот судьясы, сот төрағасы, сот алқасы төрағасы лауазымдарына жарияланған конкурстарға қатысқан жағдайда берілетін болады. Ал жиырма есе одан көп өтілі бар судьялар мерзімдік бағалаудан босатылады.

Өткен аптада облыс соттарының судьялары Оңтүстік Қазақстан облысында лауазымдарына сәйкестігін бағалаудан өтсе, биылғы мамырдың 18-нен бері төрт тағылымдамашы-кандидат №2 Қызылорда қалалық сотында өз қызметтерін бастап отыр.

Бытырдан бері елімізде тергеу судьясы институты жұмыс істей бастады, – деді Ержан Осерханұлы. – Тергеу судьясы қылмыстық іс жүргізудің сотқа дейінгі сатыларында азаматтардың конституциялық құқықтары мен



бостандықтарын негізсіз шектеуге жол бермеуге бағытталған қызметті жүзеге асырады. Ұлт жоспарының 22-қадамнан іске асыру шеңберінде тергеу судьяларына биылғы қантардан қарауды, алуды, тінту мен жеке тінтуді санкциялау секілді бірқатар қосымша өкілеттіліктер берілді.

Бұл жанашырлық өз тиімділігін дәлелдеп үлгерген. Мәселен, өткен 5 айда қылмыстық процессуалдық кодекстің 55-бабы тәртібінде тергеу судьяларының қарауына 738 материал түскен. Бұл көрсеткіш өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 3,5 есе көп. Олардың жартысынан көбін жаңа өкілеттіктер бойынша өтініш хаттар құрайды. Жыл басынан бері бұлтартпау, кепіл, ұйамақ, қамаққа алу жөніндегі өтініш хаттар 10,1 пайызға көбейсе, тергеу судьялары осы аралықта тергеуші мен прокурордың іс-әрекеттеріне байланысты бес шағым қарап, оның барлығын қанағаттандырудан бас тартылған.

Брифинг соңында өңірлік және республикалық бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері алқа төрағаларына өздерін толғандырып жүрген сауалдарын қойып, тұшымды жауап алды.

Б.СМАЙЫЛҰЛЫ.

ЗАМАНАУИ САРАПТАМА – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Өңірлік коммуникациялар орталығында өткен брифингте Ұлттық сараптама орталығы Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Ф.Қалиева филиал қызметімен таныстырды.

Жалпы, филиал халықаралық стандарттарға сәйкес аккредитациядан өткен. Сынақ орталығында зертханалық зерттеулер мен өлшемдер секілді қызмет түрлері көрсетіледі. Атап айтқанда, бактериологиялық, вирусологиялық, радиологиялық, санитарлық-гигиеналық, аса қауіпті инфекцияларға профилактикалық дезинфекция, дезинсекция, дератизация, гигиеналық оқыту, жұмыс орындарын аттестаттау, өндірістік бақылау, медициналық қалдықтарды жою, ауысу құбырларын залалсыздандыру.

Модернизациялау нәтижесінде зертханалар заманауи үлгідегі құрал-жабдықтармен жабдықталып, жедел зерттеулер жүргізіп, нәтижелерін қысқа мерзімде анықтап, сарап-

тама жасауда. Филиалда Латвияда, Италияда, Ресейде, сонымен бірге, еліміздің ғылыми орталықтарында білімдерін жетілдірген жоғары білікті мамандар жұмыс жасайды.

– Филиал заманауи дәлдігі жоғары құрал-жабдықтармен, өлшеу құралдарымен жабдықталған. Мәселен, ПЦР қондырғысында тағамнан ГМО анықтау, тағам өнімдерінде антибиотиктерді газдысұйықты хроматографиямен анықтау жүргізілсе, жасушалық деңгейде тұмау, ротавирус, норовирус, астровирус, энтеровирус вирустарын ПТР әдісімен анықтау жолға қойылған. Клиенттерге ыңғайлы болуы үшін зертханаларда анализдер жедел әдістермен жүргізіліп, нәтижесі қысқа мерзімде беріледі,– дейді филиал директоры Ф.Қалиева.

Брифинг соңында журналистер өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, оларға жауап берді.

А.СОРСЕНБАЙҚЫЗЫ.

РАМАЗАН АЙЫНДАҒЫ САУАПТЫ ІС

Айлардың сұлтаны, әрбір мұсылман асыға күтетін Рамазан айы да келіп жетті. Барша мұсылман үшін қасиетті саналған бұл айда сауапты іс жасау дәстүрге айналған.

Байқоңыр қаласы, Ақай ауылдық округі, Төретам кенті ардагерлеріне арнап облыс әкімінің орынбасары және ҚР Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі Серік Қожаниязов бастаған кәсіпкерлер мен мемлекеттік қызметкерлер «Жәрімбет ата» мешітінде дастархан жайып, сауапты іс жасады. Ігілігі мол шарада 97 жастағы Ұлы Отан соғысының ардагері Қалмырза атамыз батасын беріп, сауапты іс жасауға бастамашы

болған азаматтарға алғыс білдірді.

– Осындай игі істердің басы-қасында жүрген азаматтарға, жергілікті кәсіпкерлерге Алла разы болсын. Қасиетті айда мольнан сауап алуды жазсын, – деді ол.

Расында, ас беру өте сауапты амал. Әсіресе, ораза тұтқан кісілерге берілген астың сауабы мыңдаған есеге артады. Алла халқымызды жылдан жылға Рамазан айына аман-есен жеткізіп, татулық пен бірлігімізді арттыра берсін.

Кенжетай БАЛҒАБАЙҰЛЫ.

ШҮКІР ЕТСЕ, ЖАҚСЫЛЫҚ Артады

Бүкіл ғаламның Раббысы – Алла Тағалаға мақтаулар болсын! Аллаға шүкір айлардың сұлтаны қасиетті Рамазан айына да қадам бастық. Расында бұл ай – мейірім, рахым, кешірім айы. Сондай-ақ, адам баласы сабыр, қанағат, шүкіршілік сынды күллі көркем-мнәзбен де көмкеріле түседі. Рамазан айымен ұлтпаса түсетін һәм адам баласы күн сайын қолданса, берекелене беретін шүкіршілік хақында аз-кем тоқтала кеткенді жөн көрдім. Өйткені, күнделікті қарапайым тіршілік барысында қолда бар нығметтің қадірін де, оған айтылар шүкірін де ескере бермейміз.

Дегенмен, Рамазан айында ораза ұстаған пенде өзіңдегі нығметтің Алладан екенін шексіз түсініп, шүкіршілігін еселей бастайды. Алла Тағала былай дейді: «Алланың нығметін санасандар, санама жете алмайсыңдар...». («Нахл» сүресі, 18-аят) Ал ардақты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Екі нығмет бар: аламыр қадірін білмей алдыңа жүреді. Ол денсаулық және бос уақыт», - деп айтқан.

Расмен саралап қарасақ, деніміздің саулығы, басымыздың амандығы, елім-жерім дейтіндей Отаның болуы, заманымыздың бейбітшілігі үлкен нығмет. Өйтсе де, бұл айтылғандар көзбен көрген нығметтің бір нарасы ғана. «Нахл» сүресінің 53-аятында: «Сендердегі әрбір нығмет Алладан», – деп келеді.

Денің сау, бауырың бүтін болып, қоғамың тыныштығында өмір сүру – бүгінде біз бағалауы тиіс нығметтердің бірі. Өйткені, әлемде бейбіт елінің іргесі соғып, басындағы бағы тайып, қуышыптарынан құт қашқан елдер де бар. Мұсылман күпірлікте емес, әрдайым шүкіршілікте болады. Өйткені, мұсылман баласы бір-бірінің халін сұрағанда «Әлхамдүлилли, тәуба» деп жатады. Ата-бабаларымыз бастарынан түрлі зобаланды өткізіп, зар заманды кешіп де, әлхам-шүкірін бір тастамаған халық.

Шүкір арthan сайын, Алладан берілер нығмет те еселене бермек. Ал, нығметке күпірлік, берекесіздікке әкеліп соғады. Мұны

қасиетті Құран былайша растайды: «Егер жақсылығыма шүкір етсеңдер, оны арттыра беремін, егер күпірлік жасасандар, азабым, әрине, аса қатты» («Ибраһим» сүресі, 7-аят). Өкінішке орай, шайтанның сыбырына құлақ түріп, уәсузасына ерген жандар шүкір жайын ұмытып, шағымдануға, қоніл толмаушылыққа бейім келеді.

Аллаға иман келтіріп, пайғамбарды сүйсек, ұстаңар жолымыз, әрине, шүкіршілік пен тыныштық болмақ. Рас, тыныштығымызға көп-көп шүкір етуге мұқтажбыз. Еліміз енесін тіктеп, тәуелсіз отан болғанына да былж жиырма бес жыл. Осыныша уақыт бойы дініміз де, әлеуетіміз де өркендеп даму үстінде. Дегенмен, бейбіт заман мен ондағы береке-бірлігіміз бәзбіреулер үшін қажет емес болар.

Қазақ елі отандастарымыз үшін әрқашан қымбат. Өкінішке орай, дін атын жамыл-жүрген бәзбіреулер елімізді Сирияға айналдырғысы келетін – секілді. Сонда көздеріңдері не?! Ол да түсінікті – бүлік пен күпірлік қана. Қасиетті Рамазан айының қарсаңында Ақтөбе қаласында орын алған оқыс оқиға елімізді есеніретіп тастады. Алла мұндайдың бетін мұнан әрі алыс қылсын!

Өлті қанекс жасаған жандардың әрекеті мүддем мұсылмандық іс емес. Дініміз мұндайды қаралап, бейбітшілікті мұрат етеді. Ақиқатында, жазықсыз жандардың өмірін қиған зальымдарды ел азаматтары, шйнайы мұсылман бауырларымыз түбегейлі айыптайды. ҚМДБ төрағасы, Бас мүфти Ержан қажы Малағашқыұлының Ақтөбе қаласында орын алған лаңкестік оқиғаға байланысты мәлімдемесінде: «...Ақиқатында, жазықсыз жандардың өмірін қиған зальымдарды ел азаматтары, шйнайы мұсылман бауырларымыз түбегейлі айыптайды. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай, еліміздің тыныштығы мен бейбіт өмірі – баршамыз үшін ең жоғары құндылық. Сондықтан қоғамдағы тыныштық пен бейбіт өмірді сақтау – әр азаматтың борышы һәм парызы деп білгеніміз жөн. Еліміздің барша азаматтарын



арандатушылық әрекеттерге берілмеуге, қоғам тыныштығын қадірлеуге және жауыздықпен жұмыла күресуге шақырамын», - делінген.

Иә, мұндай зұлымдыққа бой алдырғандардың әрекеті күпірлікпен тұған іс. Өйткені, Алла былай дейді: «Сендер мені еске алсаңдар, мен де сендерді еске аламын. Маған шүкірлік етіңдер, күпірлік етпеңдер!» («Бақара» сүресі, 152-аят).

Құран аяттарына және пайғамбар хадистеріне қарасақ, тек қана жақсылыққа үгіттейді. Соның бірі – шүкіршілік. Қазіргі уақытымыз қой үстіне бозторғай ұялаған заман. Мұны бабаларымыз аңсады, армандады. Тәубе, ұрпағы – бізге нәсіп болды. Енді мұны онан әрі бағалап, кейінгі ұрпаққа табыстау бүгінгілерге сын.

Олай болса, әрбір нығметтің қадірін құт көріп, басымызға қонған бақытқа күн сайын шүкір айтуды ұмытпайық. Орамамыз қабыл болсын!

Талғат ОМАРОВ,
ҚМДБ-ның Қызылорда облысы бойынша өкілі,
орталық «Ақмешіт-Сырдария» мешітінің бас имамы.

МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТКЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САРАПШЫЛАР ПІКІРІ

IX Астана экономикалық форумы шеңберінде өткен «Бәсекелестікті ілгерілету: жаңа «ойын ережелері» атты бәсекелестік мәселелері жөніндегі сессияда ҚР монополияға қарсы заңнамасы, оның құқықта қолданылуы, монополияға қарсы орган қызметкерлерінің қызметіне негізгі назар қандай болуы тиіс екендігі туралы пікірайыс болды.

Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы (ЭЫДҰ) сарапшылары дайындаған Қазақстан Республикасындағы бәсекелес құқық пен саясатқа шолудың түсуәкесері сессия шеңберіндегі ғана емес, жалпы бәсекелестік саласындағы негізгі оқиға болды. Ұлттық бәсекелестік заңнаманы одан әрі реформалау жөніндегі ЭЫДҰ ұсынымдары берілді, бұл Қазақстанның бәсекелестік саясатының тарихындағы келесі кезеңі үшін негіз болатыны анық.

«100 нақты қадам» Бес институтоналдық реформаны іске асыру жөніндегі Ұлт жоспарында Мемлекет басшысы монополияға қарсы қызмет жұмысының тұжырымдамасын өзгерту және оны ЭЫДҰ стандарттарына сәйкес келтіру қажеттілігін атап өтті. 53-қадамды іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасын озық әлемдік практикаға және халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру жұмысы жүргізілуде.

ЭЫДҰ Бәсекелестік жөніндегі комитетінің төрағасы Фредерик Женидін баяндамасында Қазақстан Республикасының бәсекелестік заңнамасын және саясатын шолумен және қазақстандық монополияға қарсы заңнаманы одан әрі жетілдіру бойынша ЭЫДҰ сарапшылары дайындаған ұсынымдармен таныстырды. Нарықтық экономика да бәсекелестік – ол бизнестің өнімділігі, бәсекеге қабілеттілігі және тұтастай елдің экономикалық дамуы үшін қуатты драйвер деп атап өтті. Ф.Женин монополиасыздандыруға жасалып жатқан ұмтылысты атай келе, Қазақстан бәсекелестік заңнама дамып келе жатқан елдердің қатарында деп көрсетті. Сонымен бірге, монополияға қарсы органның жұмысындағы сындарлы сәтті атады – бағаларды және бәсекелестікті бақылаудың жалпы процесі ашықтық және транспаренттік бермейді. Женин мырза ЭЫДҰ үшін монополияға қарсы органның транспаренттік қағидатын пайдалануы маңызды болатынына назар аударды. Бұдан басқа органның теңдестірілген шешімдер қабылдауы үшін жеткілікті уақыты болуы тиіс.

Монополияға қарсы органның басшысы Серік Жұмангарин атап өткендей, бірінші пакетті нақтылатыпін екінші норма шығару пакеті монополияға қарсы заңнаманы бұзу фактілері бойынша тергеп-тексеру жүргізудің тиімділігін арттыру мақсатында, мерзімдерді ұзартуды көздейді. Сонымен «картель» ұғымының енгізілуіне байланысты тергеп-тексеру мерзімін ұлғайту ұсынылды. Бұл неғұрлым сапалы тергеп-тексеру жүргізуге жәрдемдеседі және монополист – картельдерге қатысты күрделі істер бойынша елеулі нәтижелерге қол жеткізуге ықпал етеді. Сондай-ақ мерзімдер білгіндегі осындай өзгерістер Келісу комиссиясы институтын жетілдіруге бағытталған

– монополияға қарсы органның тергеу объектісіне тергеп-тексеру қорытындылары бойынша тұжырымдарын жобасын тергеп-тексеру аяқталғанға дейін 30 күн бұрын жіберуді көздейтін міндетті енгізілді. Ол тергеп-тексеру нәтижелеріне монополияға қарсы органда сотқа дейін шағымдануға және тергеу объектісінің дәлелдерін ескере отырып, объективті шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Тұтастай алғанда барлық түзетулердің жалпы қорытындысын ретінде мемлекеттік реттеуден нарықтық реттеуге көшу болды.

Сколково Құқықтық саясат және қоғамдық қатынастарды дамыту департаментінің директоры Алексей Иванов «Қазақстандық бәсекелестік құқыққа не жетіспейді?» деген сұраққа сарапшы «...икемділік ...» және формализмге алып келетін монополияға қарсы және сот органдарының шешімдер қабылдау процесіне тартылуы деп жауап берді. Сондай-ақ А.Иванов теріс сәттер ретінде қатан процессуалдық мерзімдерді және бәсекелестік құқық бойынша сот мамандануының болмауын атап өтті. Осы орайда монополияға қарсы заңнама режимдерінің мүдделі үшін сот тараптарынан тексерудің қатал әрі объективті рәсімдерінің болуы қажет, ол құқық қолданатын органдар үшін қажетті тәртіптік қағидаларды енгізеді. Тексерудің тиісті рәсімдері монополияға қарсы органның тиісті практикасын құруға және бөлашақтығы істері үшін бағдар болуға көмектеседі.

Сарапшы тағы бір проблема ретінде жұмыс басымдығындағы тенсіздікті атады – ТМРБҚК елеулі ресурстары тұтынушылардың сұраныстарына бағытталған. Алайда, монополияға қарсы органның ауқымды «мүддесі» бәсекелестікті қорғау болып табылады және оған мән беру қажет. Осылайша, ЭЫДҰ сарапшысы ҚР-да бәсекелестік құқықтың одан әрі эволюциясын монополияға қарсы орган қызметін нақты айқындаудан және монополияға қарсы құқық бойынша сот мамандануын бірлесіп құрудан көреді.

ЭЫДҰ-ның бәсекелестік саласындағы стандарттары мен қағидадарына жақындау Қазақстанның озық тәжірибелі ескере отырып, реформалар жасауға дайындығының көрсеткіші болып табылады. Қазір монополияға қарсы органның алдында басталған күрделі өзгерістерді ойдағыдай аяқтау міндеті тұр. Монополияға қарсы заңнамаға түзетулердің екінші пакеті ЭЫДҰ Шолуының негізінде әзірленді. Өзгерістер монополияға қарсы органды күшейтуді, оның мәртебесін және жұмыс тәртібін регламенттеуді, сондай-ақ ЭЫДҰ ұсынымдарына сәйкес заңнаманың жекелеген нормаларын пысықтауды көздейді. Бүгінгі кезеңде Қазақстанның бәсекелестік саясаты еркін нарық және мемлекеттің араласуын барынша азайту қағидадарын ұстанатынын көрсетеді. Қазақстанның монополияға қарсы заңнамасының ЭЫДҰ стандарттарына жақындасуы Қазақстанның экономика саясатының ашықтығына, тұрақтылығына және болжамдылығына кепілдік болады.

Ы.ТӨЖІҰЛЫ.

«СӘТТІ ҚАДАМ» ЖАСТАРДЫ КӘСІПКЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ

«Даму» Қорының облыс бойынша аймақтық филиалы мен Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен алғаш рет аймағымызда ауыл жастары арасында «Сәтті қадам» байқауы өтті. Байқауға 18-29 жас аралығындағы ауыл жастары қатысып, өзара бақ сынасты.

Шара барысында облыстың барлық

ӨЛКЕТАНУ

ЖАПАҢДАҒЫ ЖАЛҒЫЗ ДАРАҚ

Өңіріміздің оңтүстік беткейінде орналасқан қарт Қаратау табиғаты өзінің тылсым сырларымен адамзатты таңғалдырып келеді. Оның қойнауына бүтінге әрбір тау-тастың құпиясы әлі де көп.

Жаңақорған ауданы, Ақүйік ауылдық округіне қарасты Бірлік ауылынан шеткері жерде тұрған жалғыз дарак (дарак – өте биік өскен ағаш) сонау жерден көзге түседі. Жапан далада өсіп тұрған тұт ағашының биіктігі – 25, ал ені 15 метрді құрайды. Ауыл ақсақалдарының айтуынша, бұл даракты осыдан 63 жыл бұрын Рахан пірәдәр 78 жасында отырғызған екен. Ол кісі кезінде дін жолына түсіп, пірәдәр атағын алған. Енгізердей алып денелі Рахан ата нар түйесіне мініп алып, қолындағы қамшымен үй сыртынан бір айналырып сарт ұрғанда, жаңы қиналып босана алмай жатқан келіншектер тез жеңілдейді екен. Артынша іңгілеген сабылдан даусы естіледі. Міне, бүгінде пірәдәр отырғызған жалғыз тұт дарак қазір ауыл тұрғындарының тұз ететін мекеніне айналып отыр. Некесін қиған жастар осы жерге келіп ормал, моншақ іліп, іштей өздерінің тілектерін айтады.

Бұл тұт ағашы ұзақ жылдар күтімсіз қалды. Әкеміздің айтуынша, қазіргі тұт ағашының орны біздің ата-әжеміздің құтты шаңырағы болған. Сол маңайда бірінші-бірін жалғасқан тамдарда көрші-қолан бірге тұрған. Өзінің қорасын қоршауда үшін ағашының қолына шыққан жарасына қарамастан, бір қолымен кетесінің сабындай екі ұзын ағашты балғамен жерге қазықтай қаққан.



Қорасын сырттан кіретін ешкі-лактан қоршап қою үшін сымағ тартқан ағаш екен. Тұт ағашының көшетін арнайы отырғызғандықтан оның мақсаты болмаған. Десе де, жаңағы қазықтай қағылған ағаш жыл сайын көктем-көгеріп өсе беріпті. Ауылдан алысырақ жерде болғандықтан ешкім оған арнайы барып су құйған емес. Бүгінде ағаштың тамыры тереңге бойлап, өткен-кеткен жолшылардың саялап, демалатын жеріне айналды.

Үлкен ағаларымыздың қолдауымен осы дарактың айналасын қоршап, арнайы белгі орнатылғаннан кейін, елу жыл жеміс бермей келген ағаш қазір тұтқа тұнып тұр. Ауылдың бар баласы осы жерде асыр салады, – дейді пірәдәрдің немересі Нұржан аға.

Тұт ағашы тәтті, адам ағзасына пайдалы жемісімен ғана емес, сонымен қатар жапырағымен де бағалы. Себебі, әлемге жібек ма-



тасын беретін жібек құрты осы тұт ағашының жапырақтарын жеп қоректенеді. Ұлы Жібек жолымен жаңадан жаулаған Қытай мұны мыңдаған жылдар бойы құпияда сақтаған. Осылайша үш мың жылдан астам уақыт жібек өнімі тек Қытайдан ғана экспортқа жөнелтіліп жатты. Олар-

да әлі күнге дейін жібек құпиясын ашқан адамға өлім жазасы бар. Құпия толықтай ашылмағанымен, кейіннен жібек өндірісі Жапония, Үндістан, Орта Азия елдеріне ойыса бастады. Жалпы, Орта Азияның халықтары сонау ерте кезден бастап тұт ағашынан музыка аспаптарын жасаған. Ондай аспаптар өте бағалы саналған. Балкім, тұт ағашының киелі саналатыны оның орташа өмір сүру жасының – 200 жыл, кейбір түрлерінің 300-500 жылға дейін өмір сүруіне байланысты шығар. Тіпті Иерихонда өсіп тұрғанына 2000 жыл болған әйгілі тұт ағашы бар екен.

Қазақ ескіден келе жатқан көне заттарды қасиетті санап, оларда бір кіе барын айтады. Ал Оңтүстік Қазақстандағы Қарнақ ауылында 1300 жыл бойы өсіп тұрған тұт ағашы бар. Оның енін бойлағанда алты адамның құшағы ере жетеді. Имам Бақли мазарында орналасқан бәйтерек жайында әртүрлі аңыз әңгімелер де айтылады. Аңыз әңгімелерде осы жерді мекен етуші Имам Бақли әскер басының бір өкілі болған екен. Елді исламға шақырып, мұсылманшылықты үйрету үшін осында қалыпты. Сол кісінің отырғызған тұт ағашы деген де бір аңыз бар. Алып ағаштың әуелісілік қасиеті де жоқ емес. Өсіп тұрған алып ағаштың жапырағын жұлып, зиян тигізсе, адамның түсіне небір жаман оқиғалар кіреді-міс.

Міне, халқымызда айтылатын «Тұт ескенің – Құт ескенің» немесе «Тұт ағаштың тұтын же, тұтын жесең күтін же» деген мақалдары осындай өмірлік тәжірибелерден туынданған тәрізді.

Айсауле ҚАРАПАЕВА.

ИГІЛІКТІ ШАРА

Қан тапсыру – адам баласының сау-аппты да салауатты парыздарының бірі. Дайырғанымен, кейінгі жылдары бұл сауапты іске атсалысушылар қатары, яғни, өз еріктерімен қан тапсыратын донорлар саны азайып кеткен. Осыған орай, «Қызыл Ай» қоғамы Қызылорда облыстық филиалы облыстық қан орталығының қолдауымен іс-шара өткізді. Дүниежүзілік қан доноры күніне орай өмірдің қиын жағдайына тап болғандардың өмірлерін құтқару үшін шараға қатысушылар қан тапсырды.

Бұл күні дербес донорлармен қатар ұйымдастырылған ұжымдар да қатысты. Атап айтқанда, облыстық ішкі істер департаменті, медициналық колледж және «Нұр Отан» партиясы жанындағы «Жас Отан Жастар Қанаты» өкілдері белсенділік танытты.

Барлыбек БАТЫР.



СПОРТ

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕҮЛІ ЖАНДАР САЙЫСЫ



Ел тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында мүмкіндігі шектеулі азаматтар арасында облыстық спартакиада өтті. Мақсаты – мүмкіндігі шектеулі азаматтардың спортқа деген құлшынысын арттыра отырып, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Жарысқа Қызылорда қаласы мен барлық аудандардан 10 команда, 200-ге жуық спортшы қатысып, сайыстың 6 түрінен сыныға түсті. Тартысты бәсеке қорытындысында жалпыкомандалық есепте 49 ұпай жинаған Қызылорда қаласы І орынды иеленсе, ІІ орынға 42 ұпаймен Шіелі ауданының командасы жайғасты. Ал келесі орынға 41 ұпаймен Сырдария ауданы қол жеткізді.

Қатысушылар қол күрес, эстафеталық жүгіру, шахмат, тоғыз-құмалақ, үстел теннисі, және пневматикалық мылтық секілді спорт түрлерінен сыныға түсіп, белсенділік танытты. Сайыс соңында «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ибадулла Құттықожаев жеңімпаз командалар мен жүлделі ойыншыларға арнайы алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табыстады.

Кенжетай БАЛҒАБАЙҰЛЫ.

Жарамсыз деп есептелсін

Орынбетова Жұлдыз Абылайқызының атына Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданындағы Ж.Қыдырлов атындағы №54 казак орта мектебін 20.06.1999 жылы бітіргені жөнінде берілген МОН №0351097 аттестаты жағуалына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

БАС РЕДАКТОР

Жұматәлі ӘБДІРАМАН

қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43

Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:

руханат және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73

экономика - 70-00-41, 70-00-68

әлеумет және саясат - 70-00-41

жарнамалық - 70-00-49, 70-00-52

есеп-кіріс - 70-00-42, 70-00-38

заңгер - 70-00-02

компьютер орталығы - 70-00-34

корректор бөлімі

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы: Жұматәлі Табынбаев - 8724 38 2-34-07

Шіелі, Жаңақорған: Нұржан Елтай - 8724 32 4-95-91

e-mail: syrboyi@mail.ru

site: www.syrboyi.kz

Газет аттасына 3 рет: сәтсәтсәт, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мәдениет комитетіне тапсырылған

Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

"Сыр бойы" облыстық газеті

КР СТ ИСО 9001-2009

"Саты менеджменті жүйесі"

талғаттарына сайыс сертификатталған.

Ақпараттық қызметіне қатысушыларға тексеріс, қолдау, қолдау және қолдаушылар.

Газет редакциясы компьютер орталығында қатылып "Сыр медиа" ЖШС-е баспаханасында баспаханалық қызметін атқарады.

Бейбарыс Сұлтанов кеңесшісі 4

Газеттің таралымына "Халықаралық" - 23-54-51

"Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.

Редакция меншікшісі: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтанов кеңесшісі 4

Таралымы 25256

Тапсырыс № 677

Электронды оқылм - 28000.

ӘЛЕМДЕГІ ЕРЕКШЕ АЯЛДАМАЛАР

Технологиясы озық елдерде аялдамалардың жолашушылар үшін жайлылығы мен оның сыртқы дизайны бірінші кезекке қойылған. Автобустарды күтіп отырып уақыттың қалай зым-иран өткенін байқамай да қалады. Өйткені мұндай аялдамаларда жолашушылар зерігіп те үлгермейді. Сонымен, әлемдегі қызықты аялдамалар топтамасын иолу жасап көрейік.



Бразилияның Куритиба қаласындағы мына аялдама жүрдек автобустарға арналған. Парана штатының астанасы – Куритиба транспорттық жүйесі жоғары деңгейде дамыған қалалардың қатарынан саналады. Көлімгі метронның турникеті дәл осы аялдамада орнатылған. Автобус келген бойда жолашушылар бірден орындарына жайғаса алады.

Ал Жапон еліндегі түрлі жеміс-жидектер мен бақша дақылдарының бейнесіндегі аялда-

малар жолашушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, асқақ көңілді, қарбабыздың көрінісі сонау жерден бірден көзге түседі.

Біріккен Араб Әмірліктеріндегі ауа райының ыстығына байланысты ондағы аялдамаларда желдеткіштер орнатылған. Жолашушыларға күннің ыстық болуы мұндай аялдамаларда сағаттап отырса да қолайсыздық туылмайды.

Өркениеттің орталығы – Греция астанасы Афина қаласында оқушыларға арналған арнайы аялдамалар бар екенін естігеніңіз бар ма? Бұл аялдамаларға оқушылар тасымалымен айналысатын автобустар тұрақтайды.

Әлемдегі ең ерекше әрі көрікті аялдамалардың қатарында Лондондағы Бронто Тейлор есімді дизайнердің туындысы да орын алады. Бұл аялдамада жолашушылар өткеншек теуіп, балалық шақтарына саяхат жасайды.

Париждегі «Болашақтаң аялдамасы» деп аталатын бұл жолашушылар тұрағында жұртшылық сенсорлық экран арқылы ғаламторды пайдалана алады. Ал екі қабатты экранда түрлі жарнамалар көрсетіледі.

Амстердам қаласындағы «Таразы» аялдамасында тынығып отырған адамның өз салмағынан хабардар болуына мүмкіндік бар. Мұндай аялдамалар француз халқының қашанда сәлділік пен әсемдікті насихаттайтын билдірер керекті.

Сонымен бірге, Дания еліндегі Копенгаген қаласында скейтбордистерге арналған аялдама көпшілікті еріксіз өзіне қаратады. Ұлыбританияның Лондон қаласындағы Риджент-стриттегі аялдама құрылысына 100 мыңнан астам кірпіш жұмсалғанын ескіні бірі біле бермейтіні белгілі.

Австриядағы Со Фудзимото дизайнердің қолтаңбасы бар аялдама орман ағаштарын естелетеді. Алайда жолашушыларға ауа райының қолайсыздығынан қорғай алмайтынын көрініп тұр. Өте жіңішке болатын орнатылған аялдама арасынан баспалдақтарды байқауға болады.

Ұлыбританияның Слау қаласындағы айрықша аялдама 1800 жылы инфрақызыл сәулелі ойлап тапқан жергілікті астроном Уильям Гершельдің құрметіне қойылған. Бұл аялдамалар бөлініп тұратын ерекше сәулелі шаһар келбетін шығарып, түсіріп сөзсіз.

Англияның Шеффилд қаласындағы аялдамалар шаһары қоғамдастыру үшін де жарал тұр. Оның үстінде жасыл желек жайқалып тұр.

Әзірлеген А.САҒАТБЕКҚЫЗЫ.

Суреттер галереядан алынды.

Сіз білесіз бе?



activ «Активті» тарифтік жоспарларының жаңа желісін іске қосады

Алты тарифтік жоспарлар, желі ішіндегі еркін сөйлесу, ҚР басқа операторларының немірлеріне қонырау шолуларға арналған минуттар, мыңға дейін SMS және 35 Гб дейін мобильдік интернетке дейін – көбірек нәрсеге лайық адамдар үшін.

activ-мен «Активті» тарифтік жоспарларының жаңа желісін және бір аймақтық тариф кіреді. Бұл тарифтік желі – ұялы байланыстағы әртүрлі қажеттіліктерімен, абоненттерге сәйкес келетін басымдылықтарымен жаңа әмбебап ұсыныс.

интернетті пайдалану бойынша неғұрлым танымал орта мөлшердегі пакеттерде қосылған гигабайттар көлемін арттырды. Бұл ретте дауысты байланыс бойынша сөйлесу әлі де өзекті. Және де біз қоныраулар үшін шарттарды елеулі жеңілдеттік – актив және Keell желілерінің ішінде еркін сөйлесуді ұсындық, сондай-ақ ҚР басқа операторларының абоненттерімен сөйлесулерге минуттардың бөкітілген санын қосық», – деп атап өтті «Keell» АҚ бас атқарушы директоры Арти Отс.

«Активті Light» – жаңа желісі бойынша ең төменгі құны – аймақтық тарифтік жоспарларға қатысты. Бұл тарифтік жоспарда айына 1190 теңге үшін, желі ішінде сөйлесуден және актив және Keell немірлерімен 1000 SMS басқа, ай сайын ҚР басқа ұялы байланыс операторларының немірлеріне

үшін қолайлы. Бұл сома үшін тарифтік жоспарға күн сайын Keell және актив абоненттерімен шексіз сөйлесу кіреді. Тағы да пайдаланушы тәулігіне ҚР басқа ұялы байланыс операторларының абоненттерімен 3 минут сөйлесе, желі ішінде 15 SMS жібере және 120 Мб мобильдік интернетті пайдалана алады. «Активті Mini» тарифіне жағымды қосымша – бұл Facebook және ВКонтакте әлеуметтік желілерінің мобильдік нұсқаларына мегабайт үшін 0 теңгеден қатыналады.

Белсенді сөйлесу үшін 1490 теңге үшін «Активті Start» тарифтік жоспары ұсынылады. Желі ішіндегі 0 теңгеден қонырау шолулардан және 1000 SMS басқа, абонент ай сайын ҚР басқа ұялы байланыс операторларының немірлеріне қоныраулар үшін 120 минутты, сондай-ақ 15 Гб мобильдік интернетті алады (10 Гб түнде және 5 Гб күндіз).

«Активті Drive» тарифтік жоспары – барлық жаңа желі бойынша ең оңтайлы ұсынысқа жатықсауға болады. Пайдаланушыларға әрбір 30 күн сайын айына 1790 теңге үшін ҚР басқа ұялы байланыс операторларының немірлеріне дауысты қонырау шолулар үшін 180 минут және 20 Гб интернет (13 Гб түнде және 7 Гб күндіз) және желі ішінде қосымша сөйлесулер мен актив және Keell немірлеріне 1000 SMS беріледі.

1990 теңге үшін «Активті Boost» тарифтік жоспарына қонырау шолулар үшін бонустық минуттарды және актив және Keell немірлеріне 1000 SMS қосағанда, одан да көп ай сайынғы интернетті қосылған көлемі – 25 Гб (15 Гб - түнде, 10 Гб - күндіз), сондай-ақ ай сайын ҚР басқа ұялы байланыс операторларының абоненттерімен сөйлесу үшін 200 минут бар. Мысалы, тек түнгі интернет-трафиктің түнгі көлемі осы тарифтік жоспарда айына шамамен 20 фильмдерді көруге жетеді.

Интернетсіз өз өмірлерін көре алмайтын, әккі абоненттер үшін айына 2490 теңге үшін «Активті PRO» пайдасына таңдау жасай алады. Бұл тарифтік жоспарда барлық жаңа желілердің ішінде интернетке неғұрлым көп трафик бөлінген – 30 күн ішінде 35 Гб интернет (20 Гб түнде және 15 Гб күндіз). Осыған қосымша ҚР басқа ұялы байланыс желілерінің пайдаланушыларымен сөйлесулерге 250 минут, сондай-ақ актив және Keell желілерінің ішінде 0-т үшін қоныраулар мен 1000 SMS беріледі.

Жаңа тарифтік желі туралы қосымша ақпарат және қосылу шарттары www.activ.kz сайтында.

activ®

УЗДІККЕ ЛАЙЫҚТЫ ЖАНДАРҒА!

Активті тарифтік жоспары START

Активті тарифтік жоспары

ДЛЯ ТЕХ, КТО ДОСТОИН БОЛЬШЕГО!

120мин *басқа желілермен сөйлесу үшін

15GB *интернеттің қосымша көлемі

1490т/күн *басқа желілермен сөйлесу үшін

4273 www.activ.kz

«Біз өзіміздің клиенттерімізге олардың түсініктемелері мен ұсыныстарын назарға ала отырып, «Активті» мүлде жаңа тарифтік жоспарлар желісін ұсынамыз. Абоненттер күн санап мобильдік интернетті барынша көп пайдаланып отыр: осы жылдың сәуір айында олар 9 миллион Гб астам трафикті игерді. Сол себепті жаңа желіде біз

қоныраулар үшін 80 минут және 4 Гб интернетті ұсынады. Желі ішінде және басқа ұялы байланыс операторларының немірлерімен сөйлесуге минуттар 11 облыс кіретін үй аймағында қолданылады. Қалған бес тарифтік жоспарлар – ұлттық, яғни Қазақстанның барлық аумағында қолданылады. Олардың бірі – бұл «Активті Mini» тәулігіне 49 теңге. Ол байланыс үшін аз төлеуді қалайтындар

Сәуір телефоны

ҚР ІІМ Төтенше жағдайлар комитетінің Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаментінде 8(7242) 24 40 76 «сенім» телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды. Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлық фактілері туралы ақпаратты 1424 телефоны бойынша сеніп тапсыра аласыздар.